

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ
бастауыш кәсіподақ ұйымының жұмысы туралы
2023 жылдың 1 жартыжылдығындағы есеп

Университет оқытушылары мен қызметкерлерінің кәсіподақ комитетіне 16 адам кіреді-кәсіподақ комитетінің тұрақты комиссияларының төрағалары, факультеттердің, бөлімшелердің профоргтары, тексеру комиссиясының мүшелері.

Есепті кезеңде онлайн және офлайн режимде ай сайын кәсіподақ комитетінің отырыстары өткізілді, онда кәсіподақ комитетінің 2022 жылғы Тексеру комиссиясының есебі, 2023 жылға арналған кәсіподақ комитетінің шығыстар сметасын бекіту, 2023 жылы кәсіподақ ұйымы көрсететін материалдық көмектің мөлшерін бекіту; 2022 жылға арналған «ҚарТУ» КЕАҚ Басқармасы мен кәсіподақ ұйымы арасындағы ұжымдық шарттың орындалуын талдау, кәсіподақ мүшелерінің өтініштері бойынша материалдық көмек көрсету туралы қаралды.

2023 жылы кәсіподақ комитетінің бірінші отырысында кәсіподақ комитетінің тексеру комиссиясының (төраға Ю. Д. Обухов) материалдық көмек көрсетуге өтініштерді, ақшалай қаражатты есептен шығаруға хаттамалардан үзінді көшірмелерді, кәсіподақ бюджетінің сметасының орындалуы туралы қаржылық есепті, кәсіподақ жарналарының түсуі туралы мәліметтерді тексеру туралы есебі тыңдалды; 2023 жылға арналған кәсіподақ комитетінің бюджет сметасы бекітілді. Сондай-ақ, осы отырыста Ұжымдық шарттың 6.10-тармағына сәйкес университеттегі жұмыс өтілін ескере отырып, оқытушылар мен қызметкерлерге көрсетілетін материалдық көмек сомасын ұлғайту жағына қарай қайта қаралды.

Кәсіподақ комитетінің келесі отырысында Еңбек заңнамасын бұзушылықтар анықталмағанын көрсеткен Ұжымдық шарттың орындалуын талдау нәтижелері ұсынылды. Еңбек кодексі нормаларының орындалуына бақылау жүргізіледі. Демалыс кестесі университеттің кәсіподақ комитетімен келісіледі. Әкімшілікпен бірлесіп жұмыс уақыты, демалыс күндері бойынша туындайтын мәселелер жедел шешіледі. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қабылданған шаралардың арқасында профессор-оқытушылар құрамы мен оқу-көмекші персонал арасында жұмыс орнында жарақат алу жағдайларына жол берілмеді. Университеттегі жұмыс өтіліне байланысты жұмыс беруші жүзеге асыратын жұмыскерлер үшін әлеуметтік жеңілдіктер мен төлемдер берілген өтініштер мен қызметтік жазбаларға сәйкес толық көлемде орындалды (тек мерейтойлардың құрметіне көтермелеуге және жақын туыстарының немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты материалдық көмекке 2022 жылы жұмыс беруші тарапынан 5 млн. теңгеден астам төленді). Кәсіподақ комитеті мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге (12, 483 млн.теңге) және материалдық көмек көрсетуге (2, 861 млн. теңге сомасына 191 адам) толық көлемде ақшалай қаражат бөлді. Басқарма мен

кәсіподақ ұйымы арасындағы ұжымдық шартта көрсетілген барлық міндеттемелер жұмыс беруші тарапынан да, кәсіподақ комитеті тарапынан да 2022 жылы орындалды.

Ұжымдық шарттың тармақтарына сәйкес әлеуметтік төлемдер мен өтемақылар туралы ақпараттандыру бойынша кафедралар мен бөлімшелерде үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Есепті кезеңде кәсіподақ комитеті университеттің кәсіподақ ұйымына жаңадан қабылданатын және жұмыс істейтін оқытушылар мен қызметкерлердің кіруі бойынша уәждемені арттыру мақсатында тұрақты негізде жүйелі жұмыс жүргізді.

Өткен кезеңде кәсіподақ комитеті мәдени - бұқаралық, спорттық-сауықтыру бағыттарының іс-шараларын ұйымдастырды және қатысты.

2022 жылдың 4-13 қаңтар аралығында ҚарТУ спорт кешенінде ПОҚ мен қызметкерлер арасында спорттың төрт түрі бойынша "Сергектік және денсаулық" жарысы өтті. Жарысқа 166 адам қатысты. Жалпы командалық біріншілік: 1 орын – ГФ-38 ұпай, 2 орын-ФЭАТ – 32 ұпай, 3 орын – ФиТ – 29 ұпай, 4 орын – Қазмирр – 28 ұпай, 5 орын – АСФ – 27 ұпай, 6 орын – ТДФ – 17 ұпай, 7 орын – МФ-14 ұпай.

2022 жыл – мерейтойлық жыл – университетке-70 жыл. Мерейтойлық іс-шаралар жоспары бекітілді. 2022 жылдың қарашасынан 2022 жылдың сәуіріне дейін университеттің 70 жылдығына арналған 62-ші дәстүрлі факультетаралық Спартакиада өткізілді. Осы жарыста факультеттердің құрама командалары спорттың 13 түрі бойынша жарысқа қатысып, келесі орындарға ие болды-1 орын ГФ, 2 орын АСФ, 3 орын ФЭАТ. 4 орын ФИТ, 5 орын Қаржымині, 6 орын ТДФ, 7 орын ФИЭМ. КИТ барлық спорт түрлерінен өнер көрсеткен жоқ, сондықтан олар есептен тыс (600-ден астам адамды қамту).

2022 жылдың 29 сәуірінде Қарағанды қаласының Орталық мәдениет және демалыс саябағында ЖОО мен колледж студенттері, өндірістік ұжымдар мен ардагерлер арасында дәстүрлі «Солнечная весна» көктемгі жеңіл атлетикалық кроссы өтті (40+). Университет құрамалары күміс және қола медальдарға ие болды. Ерлер құрамасы екінші орынға, әйелдер құрамасы үшінші орынға ие болды (20 адам қамтылды).

06.05.2022 жылы Ұлы Жеңістің 78 жылдығына және Отан қорғаушылар күніне арналған «Индустриальная Караганда» облыстық газетінің дәстүрлі 76-шы жеңіл атлетикалық эстафетасы өткізілді, оған біздің қызметкерлер белсенді қатысты. Ерлер құрама командасы осы эстафетада өз тобында төртінші орын, әйелдер құрама командасы бесінші орын алды (25 адам қамтылды).

Әскерлерді ДРА-дан шығару күніне орай кәсіподақ комитеті естелік кәдесыйлар табыс етілген интернационалист жауынгерлердің қатысуымен «Ауғанстан менің жадымда» ерлік сабағына белсенді қатысты (10 ақпан).

2022 жылғы 7 наурызда университеттің акт залында 8 Наурыздың құрметіне үздік өкілдерді құрметтеу бойынша салтанатты іс-шара өткізілді, олар құрмет грамоталарымен және алғыс хаттармен марапатталды. Сонымен қатар, Халықаралық әйелдер күніне орай кафедралар мен бөлімшелердің «әдемі жартысы» сыйлық ретінде кәмпиттер жиынтығын алды (730 адам).

Отан қорғаушылар күніне және Жеңіс күніне орай университет ер адамдарын құттықтау - печенье мен шоколад жиынтықтарын тапсыру ұйымдастырылды (420 адам). Дәстүр бойынша Ұлы Жеңіс күні қарсаңында ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне (әкімдік тізімдері бойынша) естелік сыйлықтар, азық-түлік себеттері (5 адам) табыс етілді.

Кәсіподақ комитетінің арнайы отырысында Балаларды қорғау күнін өткізу мүмкіндіктері қаралды. Облыстық драма театрларының (С. Сейфуллин атындағы «Кішкентай құтан мен Қарақшы» музыкалық түрлі-түсті ертегісі, Станиславский атындағы) балалар қойылымдарына 200 билет сатып алдық (билет бағасы-1000 теңге, 3 жасқа дейін – тегін). Сонымен қатар, хайуанаттар бағына билеттер сатып алынды.

Кәсіподақ комитеті мерейтойлық іс – шараларды дайындауға және өткізуге ат салысты -университеттің негізін қалаушы академик А.С. Сағыновтың ескерткішіне гүл шоқтарын қоюға, С. Сейфуллин атындағы театрда өткен салтанатты жиналысты ұйымдастыруға белсенді қатысты.

Кәсіподақ комитетінің жұмысында оқытушылар мен қызметкерлердің жазғы демалысын ұйымдастыру ерекше орын алады. Дәстүр бойынша, жазғы уақытта кәсіподақ Қарқаралы қаласының маңындағы көркем жерде орналасқан «Политехник» СОЛ-да оқытушылар мен қызметкерлерді сауықтыруды ұйымдастырады. Осы жылы ПОҚ мен қызметкерлердің демалысқа келуі 26 маусымнан басталды (25 тамызда аяқталады). Бұған дейін ГФ студенттері (230 адам) геодезиялық практикадан өткен. Жолдамалардың құны бекітілді, барлығына жіберілді және кәсіподақ комитетіндегі стендке орналастырылды.

Сондай-ақ оқытушылар мен қызметкерлердің жұмыс өтіліне байланысты тиісті өтемақысы бар түрлі пансионаттарға санаторий-курорттық жолдамалар сатып алу мүмкіндігі бар (биыл өтемақы мөлшері 20, 25, 40% - ға дейін ұлғайтылды).

Емдеу кабинетімен, изолятормен, заманауи медициналық жабдықтар кешені бар физиотерапия кабинетімен жабдықталған университеттің денсаулық сақтау пунктінің қызметкерлерімен бірлесіп СӨС насихаттау және түрлі аурулардың алдын алу бойынша үлкен санитарлық-ағарту жұмыстары жүргізілді. Физио және процедуралық кабинеттер белсенді жұмыс істеді.

Университеттің кәсіподақ комитетінің әр отырысында мерейтойлық күндерге орай оқытушылар мен қызметкерлерді көтермелеу, оқытушылар мен қызметкерлерге дәрі-дәрмек сатып алуды және санаторий-курорттық емделуге жолдамалар өтеу үшін материалдық көмек көрсету, қызметкердің өзі қайтыс болған жағдайда немесе жақын туыстары қайтыс болған жағдайда, ерекше мұқтаждарға материалдық көмек көрсету мәселелеріне көп көңіл бөлінді.

2 жартыжылдыққа кәсіподақтың барлық мүшелері белсенді қатысатын көптеген іс-шаралар жоспарланған.

КЕАҚ «Әбілқас Сағынов атындағы КарТУ»
кәсіподақ
комитетінің төрағасы

Н. А. Алпысбаева



ПРАЗДНИЧНАЯ программа для детей

21 марта 11.00, 13.00
А. Бальшокова
ЦАРЕВНА-ЛЯГУШКА
Волшебная сказка /3+

22 марта 11.00, 13.00
Ш. Кариев
ЗОЛОТОЙ ОСЁЛ НАСРЕДИНА
Музыкальная сказка /6+/

Заказ билетов: 87026155076

КАРАГАНДИ ОБЛАСТНОГО МОДЕРНИТЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ КУЖАТТАМА ҚАСҚАРМАСЫНЫҢ СЕРТИФИКАТ АТЫҢДАҒЫ ҚАРАҒАНДИ ОБЛАСТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫ

ПРЕМЬЕРА Н. Фрошпер

Кішкентай құтан мен Қарақшы
құрпшақ әртістігі

Режиссері: С. Мақұлбеков

1 маусым 15:00

45 минут 3+

BAKEN THEATRY 87010111070





